



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ  
FACULTY OF PHILOLOGY

## «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты студенттер мен жас ғалымдардың  
халықаралық ғылыми конференция

### МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 6-8 сәуір 2021 жыл

## МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции  
студентов и молодых ученых

## «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 6-8 апреля 2021 года

## MATERIALS

International Scientific Conference  
of Students and Young Scientists

## «FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 6-8, 2021

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТИ  
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ  
PHILOLOGICAL FACULTY

## «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты студенттер мен жас ғалымдардың  
халықаралық ғылыми конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

*Алматы, Қазақстан, 6-8 сәуір 2021 жыл*

## МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции  
студентов и молодых ученых

## «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

*Алматы, Казахстан, 6-8 апреля 2021 года*

## MATERIALS

of International Scientific Conference  
of Students and Young Scientists

## «FARABI ALEMI»

*Almaty, Kazakhstan, April 6-8, 2021*

шығармаларға негізгі фабула өмірлік жол болса да, барлығын ғұмырнамалық жанрға жатқызуға әсте келе бермейді. Бұларды тарихи тұлға өмірінен жазылған көркем туындылар деп қараған жөн. Қазақ ғұмырнамалық шығармаларының кемеліне келгеніне қарамастан, жанрлық жағынан әлі де ара жігін ажырататын мәселелер аз емес.

Ғұмырнамалық – көркем проза кейіпкердің өмірнамасын бейнелеумен ерекшеленеді. Бұрынғы кеңестік және қазіргі ұлттық әдебиеттегі эстетикалық талдау осыны дәлелдейді.

## МАҒЖАН ПОЭМАЛАРЫНЫҢ СЮЖЕТТІК НЕГІЗДЕРІ

**Еділ А.Е.**

*Ғылыми жетекші: Шортанбай Ш.А.*

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*e-mail: ayanawesome09@gmail.com*

Мағжан Жұмабаев поэмалары сюжетті немесе оқиғасыз лирикалық поэма түрінде болып келеді. Ұлттық тарихымыздың қаһармандары ақын идеяларымен көркем бейнеге айналып, поэмаларда бір сарынмен тоғысып отырады. Ақын тақырыпқа қай қырынан келмесін, бүкіл сюжетке әр түрлі әдіс-тәсілмен қатарласа өрілген лирикалық толғау арқылы барлық поэманы бір сарынға қиюластырып, сәйкестендіріп отырады. Толғауларында ақын халқы мен туған жері тағдырына бейжай қарамайды. Өз тұсындағы келеңсіз өзгерістер ақын жанына қатты әсер етеді. Дәл осы өзіндік жан-дүние дағдарысында Мағжан Абылай, Баян, Кене, Сыздық рухтарынан, отаншылдық сезімдерінен нәр алады. Зерттеу жұмысында ақын поэмаларын нысанаға ала отырып, оның сюжеттік негіздері жан-жақты қарастырылады.

Мағжан – тарихи сюжеттерді өңдеп, көркем туынды жасауда өзіндік ерекше стилі бар ақын. Ақын туындыларында тарихи сюжет пен шығармашылық ой-идея бірлігі тұтас образға айналған. Тарихи тұлғалар Мағжан шығармашылығында жаңа образға еніп, дәріптеліп, ұрпаққа жәдігер болып жатталды. Ақынның тарихи сюжетті негіз еткен «Батыр Баян», «Ертегі», «Оқжетпес» поэмаларының дінгегі – туған ел тарихының шындығы. Бұл поэмалардағы жанрға тән асқақтықты – намысшылдық, алаш еліне деген сүйіспеншілік, сертке беріктік (қалмақ қызының мінезі), нәпсіні тыйып ұстаудағы адами ерік-жігер, ақыл азабы, ата-баба рухымен сырласу және жалғыздық құрайды.

Мағжанның тарихи тақырыпқа жазылған «Батыр Баян» поэмасы Абылай дәуіріндегі қазақ батырларының ерлігін өзек етеді. Ақын шығармаларының мазмұны мен тақырыбы ішкі бірлікті сақтай отырып, Баян образы арқылы батырлықты жырлайды. Поэма Ш.Уәлихановтың «XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыздар» атты мақаласына негізделген. Мағжан танымындағы Абылай – халық патриоты, қасиетті, жаужүрек, айлакер, ақылды және үлкен саясаткер.

Ғалым-зерттеуші Ш.Елеуенов өзінің «Мағжан» атты монографиялық зерттеуінде «Батыр Баян» поэмасын «реалистік-психологиялық» деп таниды: «М.Жұмабаев «Батыр Баян» арқылы қазақ реалистік психологиялық поэмасының негізін қалады. Қай жағынан алып қарасаңыз да, психологиялық талдауы ма, ішкі монологтары ма, өмір шындығын оның себеп-салдарын саралау арқылы айнадағыдай көрсете білу жағынан ба, мұнда реалистік ағым басым. Мұндағы психологизм адамды қоршаған ортасынан бөліп алып, жан тұңғығына мүлдем батырып жіберетін романтикалық психологизмге ұқсамайды.

М. Жұмабаев поэмаларының идеясы – бүтіннің бөлшегіндей бір-бірінің құрамдас бөлшегі. Ақын өз идеяларын айтуға тарихи оқиғаларды қолданған. Ол тарихи деректерді авторлық мақсатына, айтар ойына, шығарманың композициялық жүйесіне лайықтай жаңаша сомдаған. М.Жұмабаев шығармашылығында замана проблемаларынан бастап мәңгілік тақырыптар қозғалды. Халықтық поэзия мен ақын-жыраулар поэзиясындағы романтикалық стильді ақын өзіндік жаңа үлгідегі ізденістерімен дамытты. Сонымен бірге ауыз әдебиеті элементтерін поэма жанрында шебер қолданды.



Ғылыми басылым

## «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты студенттер мен жас ғалымдардың  
халықаралық ғылыми конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

*Алматы, Қазақстан, 6-8 сәуір 2021*

ИБ № 14394

Басуға 05.04.2021 жылы қол қойылды. Пішімі 60х84/16.  
Көлемі 23,0 б.т.Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 10081.

Таралымы 5 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспасы.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.  
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды

